

**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ  
Басқармасының шешімімен бекітілді  
(2009 жылғы «22» мамырдағы  
№ 11 хаттама)**

**«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы»  
Акционерлік қоғамының  
Ауыл шаруашылығы нарығы жөніндегі комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам» немесе «Биржа») Ауыл шаруашылығы нарығы жөніндегі комитеті туралы ереже (бұдан әрі – «Ереже») Комитеттің (бұдан әрі – «Комитет») құзыретін, функцияларын, қалыптасу және қызмет тәртібін айқындайды.

1.2. Комитет Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін консультативтік органы болып табылады, оның қызметінің мақсаты Қоғам сауда-саттықты ұйымдастырушысы болым табылатын ауыл шаруашылығы нарығының (бұдан әрі – «ЕСЖ ауыл шаруашылығы нарығы») жұмыс істеуінің бірыңғай ережелерін әзірлеу және оның ЕСЖ ауыл шаруашылығы нарығына қатысушылардың мүдделеріне жауап беретін өркениетті жұмыс жағдайларын жасау болып табылады.

1.3. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, Қоғам Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Комитеттің құзыреті**

2.1. Өз қызметінің мақсаттарын орындау үшін Комитет:

1) ауыл шаруашылығы өнімімен мәмілелер жасау бөлігінде Қоғамның Сауда-саттық қағидаларын, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды келіседі, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

- 2) ауыл шаруашылығы өніміне фьючерстік келісімшарттар мен опциондар бөлігінде Қоғамның Мерзімді мәмілелер жасау қағидаларын, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды келіседі, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 3) Биржаның ауыл шаруашылығы өнімі сауда-саттығы секциясына жаңа мүшелерді (клирингке қатысушыларды) қабылдау шарттарын және оларды шығару тәртібін келіседі, аталған шарттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 4) белгіленген тәртіппен Биржаның ауыл шаруашылығы өнімі сауда-саттығы секциясына жаңа мүшелерді қабылдау және Биржа мүшелерін ЕСЖ ауыл шаруашылығы нарығына қатысушылар құрамынан шығару туралы Қоғам Басқармасының Төрағасына ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады;
- 5) ЕСЖ ауыл шаруашылығы нарығында сауданы ұйымдастыру бойынша Қоғам қызметтеріне ақы төлеу тәртібіне, тарифтерді, соның ішінде біржолғы иә мерзімді төлемдердің мөлшерін айқындауға қатысты Басқарма үшін ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады;
- 6) Қоғамның ауыл шаруашылығы нарығында айналымда болатын тауарлардың спецификацияларын, ауыл шаруашылығы өніміне фьючерстік және опциондық келісімшарттардың спецификацияларын келіседі, жаңа фьючерстік және опциондық келісімшарттарды айналымға енгізу бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 7) фьючерстік және опциондық келісімшарттардың айналымын тоқтату немесе тоқтатыла тұрғаннан кейін қайта бастау шарттары бойынша мәселелерді қарастырады және ұсыныстар дайындайды;
- 8) ЕСЖ ауыл шаруашылығы нарығында этикалық нормаларды белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 9) Басқарма шешімдерімен жүктелген және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де функцияларды орындайды және өзге де мәселелерді қарастырады.

### **3. Комитеттің қалыптасуы және оның құрамы**

3.1. Комитет құрамына 11 мүшеден аспайтын адам кіруі мүмкін.

3.2. Комитеттің дербес құрамын Қоғам Басқармасы 1 (бір) жыл мерзімге екі тізіммен бекітеді.

- 3.3. Бірінші тізіммен Қоғам Басқармасы Төрағасының ұсынысы бойынша Комитеттің 7 (жеті) мүшесі бекітіледі.
- 3.4. Екінші тізіммен алдыңғы шақырылымдағы Комитеттің ұсынысы бойынша Комитеттің 5 (бес) мүшесі бекітіледі.
- 3.5. Комитеттің бірінші құрамы Қоғам Басқармасы Төрағасының ұсынысы бойынша бір тізіммен бекітіледі.
- 3.6. Бірінші тізімге Қоғамнан, Биржа мүшелерінен алынған өтініштер негізінде іріктелген 7 (жеті) кандидатура кіреді.
- 3.7. Комитетте Қоғам өкілдік ететін қызметкерлер саны 2 (екі) адамнан аспауы керек.
- 3.8. Биржаның әрбір мүшесі Комитетте бір мүшеден артық өкілдік ете алмайды.
- 3.9. Комитет мүшелерінің құрамына Қоғам өкілдерінің кандидатураларын Қоғам Басқармасының Төрағасы ұсынады.
- 3.10. Өз өкілін Комитет құрамына кандидаттар тізіміне қосу үшін Биржа мүшесі белгіленген мерзімде Қоғам Басқармасы Төрағасының атына өтініш береді.
- 3.11. Егер бірінші тізіммен Комитет құрамына қосуға үміткерлер 7 (жеті) адамнан көп болса, басымдық Қоғам өкілдеріне, содан кейін алдыңғы 3 (үш) күнтізбелік ай ішінде Қоғамның ауыл шаруашылығы нарығында рейтингі (сауда-саттық көлемі) жоғары Биржа мүшелеріне беріледі.
- 3.12. Қоғам Басқармасы екінші тізіммен бекітетін Комитет құрамы бірінші тізімге кірмеген Биржа мүшелерінің өкілдерінен және тәуелсіз сарапшылардан құралады.
- 3.13. Комитетті жаңа құрамдағы Комитеттің бірінші отырысында Комитет мүшелерінің арасынан сайланатын және Қоғам Басқармасы бекітетін төраға (бұдан әрі – «Төраға») басқарады.
- 3.14. Төраға болмаған кезеңде оның міндеттерін Төрағамен бір мезгілде сайланатын және бекітілетін Комитеттің атқарушы директоры (бұдан әрі – «Атқарушы директор») атқарады.
- 3.15. Комитет Төрағасы өз міндеттерін Қоғам Басқармасы жаңа Комитет Төрағасын бекіткенге дейін атқарады.

#### **4. Комитеттің жұмыс тәртібі**

- 4.1. Комитет өз отырыстарын қажеттілігіне қарай, әдетте, айына кемінде бір рет өткізеді.
- 4.2. Комитет отырыстарын өткізуге оның Төрағасы, оның құрамының 1/3 (үштен бірінен) кем емес мөлшердегі Комитет мүшелері, Атқарушы директор және Қоғам Басқармасының Төрағасы бастамашы бола алады.
- 4.3. Комитет отырысында шешімдер қабылдаудың заңдылығы үшін кемінде 5 (бес) мүше қатысуы тиіс.
- 4.4. Шешімдер отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

## **5. Құқықтар мен міндеттер**

### **5.1. Комитеттің құқықтары:**

- 5.1.1. шешімдер қабылдау үшін өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қоғам ақпаратын пайдалануға иә құжаттарды алуға;
- 5.1.2. Қоғам Басқармасына ұсыныстармен шығуға;
- 5.1.3. бірлескен отырыстар шақыру туралы бастама көтеруға;
- 5.1.4. шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 5.1.5. тәуелсіз сарапшыларды тартуға;
- 5.1.6. шешімдер қабылдауға.

Алматы қ., 2009 ж.